



Статистика, учет и аудит, 2(101)2026. стр. 179-193
DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2026.-2.13>

Экономика және менеджмент
FTAMP 06.52.13
ӨОЖ 334.722(574)

ҚАЗАҚСТАН ӨНІРЛЕРІНДЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫ КЕШЕНДІ БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛІ

Ф.Г. Альжанова¹, Ф.М. Днишев¹, Д.М. Салауатова^{2*}, А.М. Шохаманова³

¹Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты, Алматы, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

*Corresponding author e-mail: salauatova_dm@enu.kz

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан өңірлеріндегі ШОК дамуын кешенді рейтингтік бағалау нәтижелері ұсынылған. Зерттеудің мақсаты – кәсіпкерліктің әлеуеті мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін ескере отырып, Қазақстан өңірлеріндегі ШОК кәсіпкерлік белсенділігін кешенді бағалаудың әдістемелік тәсілін әзірлеу. Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының және «Даму» қорының деректері құрады. Зерттеуде салыстырмалы, құрылымдық талдау әдістері, индекстік әдістер, нормалау және интегралды бағалау әдістері, сондай-ақ рейтингтік бағалау әдістері қолданылды. Қазақстан өңірлерінің ШОК дамуы бойынша рейтингі институционалдық, өндірістік және кеңістіктік-демографиялық факторларды, сондай-ақ ШОК үлесін қамтитын интегралды индекс пен төрт субиндекс негізінде қалыптастырылды. Талдау нәтижелері кәсіпкерлік белсенділік деңгейі мен ШОК экономикалық тиімділігі бойынша өңірлер арасында елеулі айырмашылықтар сақталғанымен, оң динамиканың бар екенін көрсетті. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық ерекшеліктерін, әлеуметтік-демографиялық жағдайын, кәсіпкерлік ортаны, кеңістіктік және салалық шоғырлануды, көлік және энергетикалық инфрақұрылымның қолжетімділігін және онымен байланысты шығындарды ескере отырып, ШОК-ты қолдаудың сараланған тәсілін қолдану ұсынылады.

Түйінді сөздер: кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес, Қазақстан өңірлері, әлеуметтік-экономикалық әлеует, ЖӨӨ.

Негізгі ережелер. Осы зерттеу аясында өңірлердің дамуына қосқан үлесі тұрғысынан ШОК-тың өңірлердегі даму деңгейіне талдау жүргізілді. Бағалау әдістемесі ұсынылып, бағалау нәтижелері алынды және Қазақстан өңірлеріндегі ШОБ-тың кәсіпкерлік белсенділігі бойынша рейтинг қалыптастырылды. Зерттеу нәтижесінде кәсіпкерлік белсенділіктің және ШОК субъектілері санының өсуі әрдайым олардың өңірлердің экономикалық дамуына қосатын үлесінің артуымен қатар жүрмейтіні анықталды. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін, өңірлік экономика құрылымын, кәсіпкерлік ортаны ескеруге негізделген, сондай-ақ инновациялар арқылы

Cite this article as: Alzhanova F.G., Dnishev F.M., Salauatova D.M., Shokhamanova A.M. Methodological approach to the comprehensive assessment of entrepreneurship development in the regions of Kazakhstan. Statistics, accounting and audit. 2026, 2(101), 179-193. (In Kaz.). DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2026.-2.13>



ШОК еңбек өнімділігін арттыруға және кәсіпкерлік құрылымын әртараптандыруға бағытталған, әсіресе шикізаттық мамандануға ие өңірлер үшін ШОК-ты қолдаудың өңірлерге сараланған саясатын қалыптастыру қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Кіріспе. Қазіргі жағдайда шағын және орта кәсіпкерлікті (ШОК) дамыту елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ШОК бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастырудың, жаңа жұмыс орындарын құрудың, еңбек өнімділігін арттырудың, инновацияларды дамытудың және өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды көзі болып саналады. Қазақстан үшін кәсіпкерлікті дамыту экономиканы әртараптандыру, шикізаттық бағыттан біртіндеп арылу және өңірлердің теңгерімді дамуын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуында оң үрдістер байқалады. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны, жұмыспен қамтылғандар саны, өндірілген өнім көлемі және ШОК-тың жалпы ішкі өнім мен жалпы өңірлік өнімді қалыптастырудағы үлесі тұрақты өсуде. Сонымен қатар өңірлер арасында кәсіпкерлік белсенділік деңгейі, ШОК қызметінің экономикалық тиімділігі, кәсіпкерлік ортаның даму жағдайлары және кәсіпкерлік әлеуетті іске асыру мүмкіндіктері бойынша елеулі айырмашылықтар сақталуда. Мұндай өңіраралық саралану өңірлердің салалық құрылымының, инфрақұрылымының даму деңгейінің, инвестициялық тартымдылығының, еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуінің, демографиялық ерекшеліктерінің, көлік қолжетімділігінің және басқа да әлеуметтік-экономикалық факторлардың әртүрлілігімен түсіндіріледі.

Кәсіпкерліктің дамуы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына кешенді әсер етеді. Шағын және орта бизнес халықты жұмыспен қамтуды арттыруға, салық базасын кеңейтуге, өнім мен қызмет көрсету көлемін ұлғайтуға, инвестициялық белсенділікті күшейтуге және бәсекелестік ортаны қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар кәсіпкерлік өңірлік экономиканы әртараптандырудың, жергілікті ресурстарды тиімді пайдаланудың және өңірлер арасындағы даму теңсіздігін төмендетудің маңызды тетігі болып табылады. Осыған байланысты кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саясатының тиімділігі өңірлердің ерекшеліктерін ескеруге және олардың кәсіпкерлік даму деңгейін объективті бағалауға тікелей байланысты.

Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде кәсіпкерліктің даму факторлары, кәсіпкерлік әлеует, институционалдық орта, шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау және кәсіпкерлік экожүйелерінің қалыптасуы мәселелері кеңінен зерттелген. Дегенмен зерттеулердің басым бөлігі кәсіпкерлік қызметтің жекелеген көрсеткіштерін талдауға немесе кәсіпкерлік орта факторларының әсерін бағалауға арналған. Ал кәсіпкерліктің даму деңгейін институционалдық, өндірістік, кеңістіктік және әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларды бір мезгілде ескеретін кешенді салыстырмалы бағалау мәселелері жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Бұл мәселе Қазақстан үшін ерекше өзекті, өйткені өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі елеулі айырмашылықтар кәсіпкерлік белсенділікті бағалаудың бірыңғай әдістемелік тәсілін қолдануды талап етеді. Кәсіпкерліктің даму деңгейін кешенді бағалау әдістемесінің болмауы өңірлердің күшті және әлсіз жақтарын объективті анықтауды қиындатады, мемлекеттік қолдау шараларының нәтижелілігін



бағалау мүмкіндігін шектейді және өңірлік ерекшеліктерді ескеретін сараланған саясатты қалыптастыруға кедергі келтіреді.

Осыған байланысты өзара байланысты көрсеткіштер жүйесін біріктіретін интегралды бағалау тәсілін қолданудың маңызы артып отыр. Интегралды индекс пен рейтингтік бағалау өңірлердің кәсіпкерлік даму деңгейін бірыңғай әдістеме бойынша салыстыруға, кәсіпкерлік белсенділіктің аумақтық ерекшеліктерін анықтауға және шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі өңірлік саясатты жетілдіруге қажетті ақпараттық негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің мақсаты – кәсіпкерлік әлеуеті мен шағын және орта бизнестің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін ескере отырып, Қазақстан өңірлеріндегі кәсіпкерлік белсенділікті кешенді бағалаудың әдістемелік тәсілін әзірлеу. Ұсынылған тәсіл өңірлердің кәсіпкерлік даму деңгейін объективті салыстырмалы бағалауға және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.

Әдебиеттерге шолу. Кәсіпкерлік экономикалық ғылымда экономикалық өсудің және өркендеудің негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылады. Халықаралық еңбек ұйымы кәсіпкерлікті дамыту үшін назар аудару қажет төрт негізгі факторды бөліп көрсетеді: мінез-құлықтық және тұлғалық қасиеттер (білім, дағдылар, тәжірибе және функционалдық дағдылар, бизнес секторы туралы білім); бизнес пен басқару құрылымы (мақсаттар және басқарудың тиімділігі); сыртқы факторлар (ел немесе өңір ішіндегі мәдени, саяси және экономикалық жағдайлар); орналасу орны (нарықтағы сұраныс ауқымы мен көлеміндегі айырмашылықтар, жұмыс күшінің, үй-жайлардың және қызметтердің қолжетімділігі мен құны) [1].

С. Онбали [2] ШОБ-тың тұрақты даму, экономикалық өсім және индустрияландырудағы рөлін атап көрсетеді. Авторлар ШОБ дамуына әсер ететін 36 факторды қарастырады. Олардың қатарына қаржылық шектеулер, тәуекелдер, инвестициялық климат, бизнес-ақпараттық жүйе, ақпараттық технологиялар, маркетингтік ақпарат және стратегия, инфрақұрылым, тасымалдау мен энергия құны, инновациялық әлеует, демографиялық сипаттамалар, мемлекеттік саясат, адами капитал, басқарушылық дағдылар, адами ресурстарды басқарудағы құзыреттілік, техникалық білім, мәдени өзгерістер, қызметкерлердің қатынасы, кәсіпкерлердің серіктестікке қабілеттілігі, кәсіпкерлік бағдар, мониторинг тетіктері, бюрократия, инновациялық нәтижелер және т.б. жатады. П. Корчинг, Дж. Аллен (2004) білім факторының, физикалық және әлеуметтік инфрақұрылымның кәсіпкерлікті дамытудағы маңызын, әсіресе ауылдық қауымдастықтар мен экономикалық тұрғыдан құлдыраған аумақтар үшін ерекше атап өтеді [3]. Р. Капелло мен Д. Айзенберг кәсіпкерлік экожүйе тұжырымдамасының маңызын атап өтіп, онда адами капиталдың сапасы, қаржылық ресурстарға қолжетімділік, инновациялар мен институттар кәсіпкерліктің дамуына ықпал ететінін көрсетеді [4, 5]. Бірқатар авторлар өңірлердің кәсіпкерлік әлеуетін кәсіпкерлік қызметтің сапалық және сандық сипаттамаларын, сондай-ақ экожүйе жағдайларын біріктіретін көпфакторлы категория ретінде қарастырады [6, 7].

Қазақстандық ғалымдар кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекеттің рөлінің маңызын атап өтеді [8], сондай-ақ кәсіпкерліктің өңірлік ерекшеліктерінің ықпалын, оның ішінде экономикалық, әлеуметтік және демографиялық сипаттарды, табиғи және климаттық жағдайларды бөліп көрсетеді [9]. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық және кәсіпкерлік әлеуетін сандық бағалау міндеттеріне айтарлықтай назар аударылады. Мұндай зерттеулердің әдіснамалық негізі көрсеткіштер жүйесіне сүйенетін интегралдық әдістер болды [10, 11]. Зерттеушілер ШОБ субъектілерінің санының көп болуы әрдайым



олардың өңірлердің экономикалық дамуына қосатын үлесінің тура пропорционалды өсуімен қатар жүрмейтінін атап өтеді.

Осылайша, теориялық шолу кәсіпкерліктің өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетіндегі рөлін бағалауда пікірлердің бірлігін көрсетеді. Алайда кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін кешенді бағалау және оның өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін айқындау мәселелері, әсіресе өңіраралық дифференциация жоғары жағдайында, жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Бұл жағдай зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің ақпараттық базасын 2015–2024 жылдар аралығындағы Ұлттық статистика бюросының деректері құрады. Зерттеуде Қазақстан бойынша және өңірлер бөлінісіндегі мәліметтер қамтылды. Сонымен қатар, «Даму» қорының ашық деректері пайдаланылды. Бұл көрсеткіштердің қолжетімділігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз етіп, алынған нәтижелердің сенімділігін арттырады.

Бағалау барысында институционалдық, өндірістік, кеңістіктік-демографиялық факторлар және ШОК үлесі, сондай-ақ ШОБ-тың үлесін сипаттайтын 14 көрсеткіш қолданылды.

Зерттеуде салыстырмалы және құрылымдық талдау әдістері, индекстік әдістер, нормалау және интегралды бағалау әдістері, сондай-ақ рейтингтік бағалау әдістері пайдаланылды.

Кәсіпкерлік белсенділік деңгейін бағалау үшін 1-формулаға сәйкес халықтың 1000 адамына шаққандағы кәсіпкерлік белсенділік коэффициенті қолданылды.

$$КБД = \frac{ШОК_t}{ЕҚХС_{(16-63 \text{ лет})}} \times 1000 \quad (1)$$

мұндағы КБД – кәсіпкерлік белсенділік коэффициенті; ЕҚХС (16–63 жас) – 16–63 жас аралығындағы еңбекке қабілетті халықтың саны.

Қазақстандағы ШОК секторындағы еңбек өнімділігі 2-формула бойынша есептеледі.

$$ЕӨ_{ШОК} = \frac{ӨӨК_{ШОК}}{ЖҚС_{ШОК}} \quad (2)$$

мұндағы ЕӨ_{ШОК} – ШОК секторындағы еңбек өнімділігі; ӨӨК_{ШОК} – ШОК өндірген өнім (шығарылым) көлемі; ЖҚС_{ШОК} – ШОК секторында жұмыспен қамтылғандар саны.

ШОБ шығарылымының кеңістіктік (аймақ ішінде) және салалық шоғырлану деңгейін бағалау үшін Герфиндаль - Хиршман индексі пайдаланылды (формула 3).

$$ННІ = \sum_{i=1}^n S_i^2, \quad (3)$$

мұндағы, S_i – облыстың ШОБ өнімін (қызметтерін) шығарудағы жергілікті ауданның үлесі немесе СЭҚ үлесі, %; n = облыстағы аудандардың саны / ШОК СЭҚ.

Нәтижелерді түсіндірудің келесі критерийлері [12]: $2000 < ННІ < 10000$ – монополияға жақын жоғары концентрация; $1000 < ННІ < 2000$ – орташа концентрация; $ННІ < 1000$ – төмен концентрация.



Барлық көрсеткіштер Min-Max әдісіне сәйкес қалыпқа келтіріледі. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша көрсеткіштерді қалыпқа келтіру үшін стандартты қалыпқа келтіру формуласы келесі түрге ие болады (формула 4.1). Теріс көрсеткіштер үшін (мысалы, жұмыссыздық деңгейі, кедейлік деңгейі) формула 4.2 формуласына сәйкес формаға ие болады.

$$X_{scaled} = 4 \times \frac{X_n - X_{min}}{X_{max} - X_{min}} + 1, \quad (4.1)$$

$$X_{scaled} = -4 \times \frac{X_n - X_{min}}{X_{max} - X_{min}} + 5, \quad (4.2)$$

мұндағы:

X_{scaled} – қалыпқа келтірілген көрсеткіш;

X_n – қатардағы ағымдағы көрсеткіштің мәні;

X_{max} – қатардағы көрсеткіштің ең жоғары мәні;

X_{min} – қатардағы көрсеткіштің ең төмен мәні.

Кәсіпкерлік белсенділік индексі 5 формула бойынша аралық индекстердің қосындысы ретінде есептеледі.

$$\left\{ \begin{aligned} I_{sme} &= I_{ins} + I_{pf} + I_{spat} + I_{cont} \\ I_{ins} &= \frac{\sum_{i=1}^n b_i}{n} \\ I_{pf} &= \frac{\sum_{j=1}^n b_j}{n} \\ I_{spat} &= \frac{\sum_{k=1}^n b_k}{n} \\ I_{cont} &= \frac{\sum_{m=1}^n b_m}{n} \end{aligned} \right. \quad (5)$$

мұндағы:

I_{sme} – өңірдің ШОБ кәсіпкерлік белсенділігінің индексі;

I_{inst} – аймақтың ШОБ институттарының индексі;

I_{pf} – өндірістік факторлардың индексі;

I_{cont} – ШОК салымының индексі;


b_i, b_j, b_k, b_m – ШОК даму көрсеткіштері;

n – талданатын көрсеткіштер саны.

Аралық индекстер топ бойынша ұпайлардың орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі. Аймақтар рейтингте балл сомасына сәйкес бөлінеді. Ең көп ұпай жинаған аймақ рейтингте 1-ші орында.

Осы әдістер жиынтығын қолдану Қазақстан Республикасының өңірлерінде ШОК-ты дамытудың сандық және сапалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.


Нәтижелер мен талқылау. Деректерді талдау жалпы алғанда Қазақстанда ШОБ субъектілерінің санының өскенін көрсетеді. Бұл тіркелген кәсіпорындар санының артуынан ғана емес, сондай-ақ белсенді кәсіпорындар үлесінің ұлғаюынан да байқалады. Өрекет етуші кәсіпорындардың үлесі 2024 жылға қарай 69%-дан 92%-ға дейін өсті. Жалпы республика бойынша 2005–2024 жылдар аралығында ШОБ субъектілерінің саны 3 еседен астам артты, ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесі де ұлғайды. Дегенмен, бұл үрдісті негізінен шағын кәсіпорындар қамтамасыз етіп отыр. Орта бизнестің үлесі соңғы 10 жыл бойы 6%-дан сәл ғана жоғары деңгейде қалып келеді (1-сурет).



1-сурет - 2005–2024 жж. Қазақстандағы тіркелген ШОБ субъектілерінің саны және ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесі

Ескерту: [13] деректері негізінде құрастырылған

Қалыптасқан өңіраралық айырмашылықтар Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметті дамытудың кеңістіктік біртектілігін көрсетеді. Бірқатар өңірлерде ШОБ субъектілерінің санының ұлғаюына қарамастан, ЖӨӨ-дегі ШОБ үлесі салыстырмалы түрде төмен болып қалуда (2-сурет).



2-сурет – Қазақстан өңірлеріндегі ШОБ-тың ЖӨӨ-дегі үлесі

Ескерту: [13,14] деректері негізінде құрастырылған



1-кесте - 2024 жылы Қазақстан өңірлеріндегі ШОБ кәсіпкерлік белсенділігінің көрсеткіштері

	Институционалдық факторлар			Өндіріс факторлары				Кеңістіктік-демографиялық факторлар				ШОК салымы		
	Жұмыс істеп тұрған ШОК саны, мың бірлік	ШОК-тың заңды тұлғалар, мың бірлік	Жұмыс істеп тұрған ШОК үлесі, %	Жылына еңбек өнімділігі, млн. теңге	НК-ға салынған инвестициялар, млрд теңге	ШОК-тың инновациялық белсенділігі, %	ШОК-тың салалық шоғырлануы, <i>НИИ</i>	Жалпы ШОК санындағы өңірлік ШОК-тың үлесі, %	100 шаршы км-ге шаққандағы ШОК тығыздығы, бірлік/100 ш. км	1000 тұрғынға шаққандағы кәсіпкерлік белсенділік, бірлік/1000 тұрғын	ШОБ өндірісінің кеңістіктік шоғырлануы <i>НИИ</i>	Шағын бизнес салығы, млрд теңге	Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы ШОБ-та жұмыспен қамтылғандардың үлесі, %	ЖӨӨ-дегі ШОБ үлесі, %
	B1	B2	B3	B4	B5	B6	B7	B8	B9	B10	B11	B12	B13	B14
max	367,8	107,1	96,6	22,3	1620,0	16,3	1915,0	17,8	52541,0	276,0	9192,0	1384,0	94,0	60,0
min	18,3	1,7	88,2	4,8	125,5	2,2	878,0	0,9	10,0	107,0	683,0	6,0	31,0	6,6
Қазақстан Республикасы	2071,7	366,1	91,6	11,78	12828,5	10,5	1349	100	76	177	814	3809	49	38,9
Абай	54,2	5,0	92,6	5,62	388,5	4,4	1473	2,6	29	150	7120	22	36	18,4
Ақмола	59,2	9,4	92,2	8,35	494,0	3,5	1553	2,8	41	122	1380	82	38	30,0
Ақтөбе	85,7	12,8	92,8	7,52	431,4	11,2	1504	4,2	29	206	7445	70	39	27,2
Алматы	142,8	14,7	94,5	10,46	828,8	7,2	1227	6,9	136	159	1654	96	37	46,3
Атырау	63,2	9,6	92,5	22,27	704,5	2,2	878	3	53	157	9192	582	46	23,5
Батыс Қазақстан	58,1	7,9	93,0	11,38	351,2	2,7	1565	2,8	38	139	3989	288	40	32,5
Жамбыл	103,9	9,6	88,5	5,37	415,3	6,0	1647	5	72	150	2712	19	31	28,5
Жетісу	60,4	5,0	93,9	7,07	440,3	9,1	1750	2,9	51	150	1870	22	37	34,4
Қарағанды	101,6	19,5	91,6	8,01	661,2	12,1	1438	4,9	43	146	4053	101	46	21,8
Қостанай	65,9	9,6	94,3	8,74	446,7	8,8	1476	3,2	34	126	2640	44	38	29,2
Қызылорда	65,3	7,7	95,5	5,70	509,7	11,1	1557	3,1	29	137	3611	100	37	22,7
Маңғыстау	76,6	12,5	91,9	10,61	614,3	2,7	1243	3,7	46	175	4306	100	44	32,4
Павлодар	56,4	11,9	90,3	7,67	485,7	16,3	1522	2,7	45	121	4335	104	38	21,8
Солтүстік Қазақстан	35,4	6,6	91,9	6,91	502,9	11,3	1855	1,7	36	107	2943	32	41	29,2
Түркістан	208,7	13,5	96,6	4,78	1167,6	8,3	1915	10,1	180	179	683	40	36	30,2
Ұлытау	18,3	1,7	94,4	5,39	125,5	3,6	1591	0,9	10	140	3094	6	31	6,6
Шығыс Қазақстан	62,8	9,4	90,0	7,74	582,9	5,1	1293	3	64	143	4346	54	43	24,4
Астана қ.	248,3	71,0	88,7	16,47	1404,4	14,8	1368	12	31036	276	2079	597	80	60,0
Алматы қ.	367,8	107,1	88,2	18,30	1620,0	14,7	1508	17,8	52541	263	1489	1 384	94	59,3
Шымкент қ.	137,1	21,5	92,7	9,77	653,5	4,6	1545	6,6	11426	199	2058	66	55	51,0
Ескерту: 1) деректер негізінде авторлар жасаған [14-18]; 2) заңды тұлға нысанында КТС және шағын кәсіпорындардың басқа да салықтары бойынша шығыстар ескеріледі														



2-кесте – 2024 жылы Қазақстан өңірлеріндегі кәсіпкерлік белсенділікті бағалау, баллдар

	Институционалдық факторлар, I_{ins}			Өндіріс факторлары, I_{of}			Кеңістіктік-демографиялық факторлар, I_{spat}					ШОК салымы, I_{cont}		
	Жұмыс істеп тұрған ШОК саны, мың бірлік	ШОК-тың заңды тұлғалар, мың бірлік	Жұмыс істеп тұрған ШОК үлесі, %	Жылына еңбек өнімділігі, млн. теңге	НК-ға салынған инвестициялар, млрд теңге	ШОК-тың инновациялық белсенділігі, %	ШОК салалық шоғырлануы, ННІ	Жалпы ШОК санындағы өңірлік ШОК-тың үлесі, %	100 шаршы км-ге шаққандағы ШОК тығыздығы, бірлік/100 ш. км	1000 тұрғынға шаққандағы кәсіпкерлік белсенділік, бірлік/1000 тұрғын	ШОБ өндірісінің кеңістіктік шоғырлануы, ННІ	Шағын бизнес салығы, млрд теңге	Жұмыспен қамтылған дардың жалпы санындағы ШОБ-та жұмыспен қамтылған дардың үлесі, %	ЖӨӨ-дегі ШОБ үлесі, %
Абай	1,4	1,1	3,1	1,2	1,7	1,6	2,7	1,4	1,0	2,0	2,0	1,0	1,3	1,9
Ақмола	1,5	1,3	2,9	1,8	2,0	1,4	2,4	1,4	1,0	1,4	4,7	1,2	1,4	2,8
Ақтөбе	1,8	1,4	3,2	1,6	1,8	3,6	2,6	1,8	1,0	3,3	1,8	1,2	1,5	2,5
Алматы	2,4	1,5	4,0	2,3	2,9	2,4	3,7	2,4	1,0	2,2	4,5	1,3	1,4	4,0
Атырау	1,5	1,3	3,0	5,0	2,5	1,0	5,0	1,5	1,0	2,2	1,0	2,7	2,0	2,3
Батыс Қазақстан	1,5	1,2	3,3	2,5	1,6	1,1	2,4	1,4	1,0	1,8	3,4	1,8	1,6	2,9
Жамбыл	2,0	1,3	1,1	1,1	1,8	2,1	2,0	2,0	1,0	2,0	4,0	1,0	1,0	2,6
Жетісу	1,5	1,1	3,7	1,5	1,8	3,0	1,6	1,5	1,0	2,0	4,4	1,0	1,4	3,1
Қарағанды	2,0	1,7	2,6	1,7	2,4	3,8	2,8	1,9	1,0	1,9	3,4	1,3	2,0	2,1
Қостанай	1,5	1,3	3,9	1,9	1,9	2,9	2,7	1,5	1,0	1,4	4,1	1,1	1,4	2,7
Қызылорда	1,5	1,2	4,5	1,2	2,0	3,5	2,4	1,5	1,0	1,7	3,6	1,3	1,4	2,2
Маңғыстау	1,7	1,4	2,8	2,3	2,3	1,1	3,6	1,7	1,0	2,6	3,3	1,3	1,8	2,9
Павлодар	1,4	1,4	2,0	1,7	2,0	5,0	2,5	1,4	1,0	1,3	3,3	1,3	1,4	2,1
Солтүстік Қазақстан	1,2	1,2	2,8	1,5	2,0	3,6	1,2	1,2	1,0	1,0	3,9	1,1	1,6	2,7
Түркістан	3,2	1,4	5,0	1,0	3,8	2,7	1,0	3,2	1,0	2,7	5,0	1,1	1,3	2,8
Ұлытау	1,0	1,0	4,0	1,1	1,0	1,4	2,2	1,0	1,0	1,8	3,9	1,0	1,0	1,0
Шығыс Қазақстан	1,5	1,3	1,9	1,7	2,2	1,8	3,4	1,5	1,0	1,9	3,3	1,1	1,8	2,3
Астана қ.	3,6	3,6	1,3	3,7	4,4	4,6	3,1	3,6	3,4	5,0	4,3	2,7	4,1	5,0
Алматы қ.	5,0	5,0	1,0	4,1	5,0	4,5	2,6	5,0	5,0	4,7	4,6	5,0	5,0	4,9
Шымкент қ.	2,4	1,8	3,2	2,1	2,4	1,7	2,4	2,3	1,9	3,2	4,4	1,2	2,5	4,3
Ескерту: 1 кесте мәліметтері негізінде құрастырылды														



Өңірлер бөлінісінде ШОБ субъектілерінің ең жоғары саны Алматы қаласында, Астана қаласында, Шымкент қаласында және Алматы, Түркістан облыстарында тіркелген. Бұл өңірлерге әрекет етуші ШОБ субъектілерінің шамамен 53%-ы тиесілі. Өңірлер бойынша халықтың 1000 адамына шаққандағы кәсіпкерлік белсенділік деңгейі айтарлықтай ерекшеленеді. Көрсеткіштерге сүйенсек, көшбасшы үш мегаполис болып отыр (1-кесте). Одан кейін Қазақстандағы халық саны бойынша төртінші қала орналасқан Ақтөбе облысы келеді. Кәсіпкерлік белсенділік деңгейі Түркістан облысында да республикалық орташа деңгейден жоғары. Тағы үш өңірде – Маңғыстау, Алматы және Атырау облыстарында – 1000 тұрғынға шаққанда 150-ден астам ШОБ субъектісі тіркелген. Кәсіпкерлік белсенділіктің ең төмен абсолюттік әрі салыстырмалы көрсеткіші Солтүстік Қазақстан облысында байқалады.

ШОБ саласындағы еңбек өнімділігін талдау кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін айқындайтын факторлардың бірі ретінде өңірлер арасындағы елеулі дифференциацияны да көрсетеді. Еңбек өнімділігінің орташа республикалық деңгейден жоғары ең жоғары мәндері Алматы қаласында, Астана қаласында және Атырау облысында байқалады. Ең төмен көрсеткіштер – орташа республикалық деңгейдің 50%-ынан төмен – Абай, Ұлытау, Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарында тіркелген.

ШОБ кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар жалпы жұмыспен қамтылған халықтың шамамен 48%-ын құрайды. 2024 жылы 3 809 млрд теңге немесе мемлекеттік бюджетке түскен барлық салық түсімдерінің 30%-ы шағын бизнеске тиесілі болды.

Экономикалық дамыған аймақтар мен ірі қалалар неғұрлым сыйымды нарықпен, ШОБ субъектілерінің тығыздығының жоғарылауымен, дамыған кәсіпкерлік инфрақұрылыммен және экономиканың әртараптандырылған құрылымымен сипатталады. Көптеген аймақтарда белсенділік шектеулі болып қалады және ШОБ санының өсуіне қарамастан ШОБ үлесі салыстырмалы түрде төмен.

ШОБ белсенділігінің өсуі көбінесе Бизнесінің жол картасы, Даму Қорын қолдау құралдары арқылы іске асырылатын Бірыңғай кешенді бағдарлама сияқты түрлі бағдарламалар арқылы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларына байланысты.

2021–2024 жылдар аралығында «Даму» қоры арқылы жеңілдетілген қаржыландыру көлемі 1 215,9 млрд теңгені құрады, бұл ЭБДҰ елдерінің қолдау шараларымен салыстыруға келеді. «Даму» қорының бағалауынша, Ұлттық жоба қатысушыларына сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кредиттерді кепілдендіру түрінде бағытталған әрбір 1 теңге қаражат орта есеппен 71 теңге түсімнің түсуіне және 5 теңге салық төлемдерінің төленуіне ықпал етеді [19, 16].

Аталған қолдау шаралары екінші деңгейлі банктердің қаражаты есебінен өнеркәсіптің басым секторларын кредиттеудің өсуіне ықпал етті. 2021–2024 жылдары өнеркәсіп саласындағы ШОБ-ты кредиттеу көлемі 57%-ға өсіп, 2 695 млрд теңгені құрады, ал өнеркәсіптегі ШОБ үлесі 43,6 %-ға жетті. Іске асырылып жатқан қолдау шаралары нарықтық көлеммен (47%) салыстырғанда ШОБ секторындағы негізгі капиталға инвестициялардың неғұрлым жедел өсуіне (55%) әсер етті [19].

Алайда қолдау шараларының тиімділігі әртүрлі өңірлерде, оның ішінде жергілікті құрылымдық-экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың, кәсіпкерлік ортаның жеткіліксіз ескерілуіне байланысты тиімділіктің әртүрлі деңгейіне ие болды.

Жоғарыда қаралған көрсеткіштерді ескере отырып, ШОБ даму деңгейі бойынша өңірлердің рейтингі жасалды (3-кесте).



3-кесте – Қазақстан өңірлеріндегі ШОБ кәсіпкерлік белсенділігінің индексі мен рейтингі

	Субиндекс институционал дық факторлар	Субиндекс өндіріс факторлары	Субиндекс кеңістіктік- демографиялы қ факторлар	Субиндекс ШОК үлесі	Кәсіпкерлік белсенділік индексі	Рейтинг
Алматы қ.	3,7	4,1	4,8	5,0	17,5	1
Астана қ.	2,8	3,9	4,1	3,9	14,8	2
Алматы	2,6	2,8	2,6	2,2	10,2	3
Шымкент қ.	2,4	2,2	2,9	2,7	10,2	4
Түркістан	3,2	2,1	3,0	1,7	10,0	5
Атырау	2,0	3,4	1,4	2,3	9,1	6
Қарағанды	2,1	2,7	2,1	1,8	8,7	7
Маңғыстау	2,0	2,3	2,1	2,0	8,4	8
Қостанай	2,3	2,3	2,0	1,7	8,4	9
Қызылорда	2,4	2,3	2,0	1,6	8,3	10
Ақтөбе	2,1	2,4	2,0	1,7	8,3	11
Жетісу	2,1	2,0	2,2	1,8	8,2	12
Батыс Қазақстан	2,0	1,9	1,9	2,1	7,9	13
Павлодар	1,6	2,8	1,8	1,6	7,8	14
Ақмола	1,9	1,9	2,1	1,8	7,7	15
Шығыс Қазақстан	1,6	2,3	1,9	1,7	7,5	16
Солтүстік Қазақстан	1,7	2,1	1,8	1,8	7,4	17
Жамбыл	1,5	1,8	2,3	1,6	7,0	18
Абай	1,9	1,8	1,6	1,4	6,7	19
Ұлытау	2,0	1,4	1,9	1,0	6,3	20

Ескерту: кесте 2 мәліметтері негізінде құрастырылған

Алғашқы бестікке Алматы қаласы, Астана қаласы, Түркістан облысы, Шымкент қаласы және Алматы облысы кірді. Бұлар – демографиялық әлеуеті жоғары, табиғи-климаттық жағдайлары қолайлы, жоғары оқу орындары мен білікті мамандардың шоғырлануы жоғары өңірлер. Сонымен қатар олар орналасу артықшылықтарына және агломерациялық әсерге ие. Мысалы, Алматы облысы елдің ең ірі мегаполисі – Алматы қаласына іргелес орналасқан; екі аумақ бірлесіп көтерме саудада негізгі хаб пен дәліз ретінде көрінеді және қаржылық ресурстарға, ірі нарықтарға қолжетімділік бойынша артықшылықтарға ие. Түркістан облысы да орналасу артықшылығына және тағы бір мегаполис – Шымкент қаласымен тығыз байланысына байланысты ерекшеленеді. Бұдан бөлек, аталған өңірлер жаңа әкімшілік мәртебе алғаннан кейін инфрақұрылымды дамытуға және өңірде жаңа жұмыс орындарын құруға елеулі ресурстар бағытталды. Астана қаласы астана мәртебесіне, қарқынды өсуіне, жаңа нарықтық сегменттердің қалыптасуына және бірқатар қаржылық-экономикалық артықшылықтарына байланысты айқын басымдықтарға ие. Соңғы бес орынды Ақмола облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Абай облысы, Жамбыл облысы және Ұлытау облысы иеленеді.

Қорытынды. Алынған нәтижелер кәсіпкерліктің сандық кеңеюі оның экономикалық тиімділігінің өсуіне кепілдік бермейтінін көрсетеді. Бұл тұжырым сонымен қатар OECD және World Bank [10, 11] эмпирикалық зерттеулерінің нәтижелеріне сәйкес келеді, бұл кәсіпкерлік қызмет сапасы мен еңбек өнімділігін есепке алу қажеттілігін көрсетеді.

Бұл кәсіпкерлікті дамыту саясатының басымдықтарын түзету және ШОБ-тың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру қажеттігін айқындайды. Осыны ескере отырып, ШОК-ты қолдау саясатын жетілдірудің төмендегідей бағыттары ұсынылады:



1. ШОБ-ты әртараптандыру мен қолдаудың басымдықтарын әзірлеу кезінде шамадан тыс шоғырлануды болдырмау үшін аймақтағы ШОБ-тың салалық және кеңістіктік шоғырлану көрсеткіштерін ескерген жөн.

2. Өңірлердің кеңістіктік, әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық ерекшеліктерін, әлеуметтік-демографиялық жағдайды, кәсіпкерлік ортаны, Көлік және энергетикалық инфрақұрылымның қолжетімділігін және олармен байланысты шығындарды есепке алуға негізделген өңірлер бойынша сараланған ШОК қолдау саясаты қажет, бұл ШОК тиімділігі мен орнықтылығын айқындайды.

3. Инновациялық белсенділікті арттыру үшін бизнесті қаржылық емес қолдау тетіктерін, оның ішінде бизнес-инкубаторлар, технопарктер, кәсіпкерлікті қолдау орталықтары, цифрлық сервистер желісін неғұрлым тиімді пайдалану.

Жалпы, нормативтік базаны жетілдіру барысында орталық мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлікті қолдау институттары қолданыстағы құралдарды бейімдеу бойынша бірлескен жұмысты қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыста болуы тиіс. Бұл ретте үздік тәжірибелер сақталып, әлсіз тұстар жойылуы қажет. Аталған бағыттарды іске асыру өңірлердің кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға, өңіраралық теңгерімсіздіктерді қысқартуға және ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР26199455 «Өңірлер экономикасын әртараптандыру факторы ретінде кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру: әлеуметтік-мәдени алғышарттар, іске асырудың жаңа бағыттары мен әдістері» ғылыми жобасы шеңберінде орындалды.

Әдебиет тізімі

1. International Labour Organization. Bureau for Employers' Activities. Internal and external factors for SME success: what EBMOs should know to promote more competitive enterprises. – Geneva : ILO, 2021. – iv, 57 p. – ISBN 9789220356050.
2. Ongbali S. A., Omotehinse S. A., Adams C. O., Salawu E. Y., Afolalu S. A. Analysis of the key factors for small and medium-sized enterprises growth using principal component analysis // Heliyon. – 2024. – Vol. 10, No.13. – e33573. – DOI: 10.1016/j.heliyon.2024.e33573.
3. Korsching P. F., Allen J. C. Locality based entrepreneurship: A strategy for community economic vitality // Community Development Journal. – 2004. – Vol. 39, No. 4. – P. 385–400. – DOI: 10.1093/cdj/bsh034.
4. Capello R. Regional Economics. – 2nd ed. – London: Routledge, 2016. – 378 p. – ISBN 9781138855885.
5. Isenberg D. J. The Entrepreneurship Ecosystem Strategy as a New Paradigm for Economic Policy: Principles for Cultivating Entrepreneurship. – Babson Park, MA: Babson Entrepreneurship Ecosystem Project, Babson College, 2011.
6. Fritsch M., Mueller P. Effects of New Business Formation on Regional Development over Time // Regional Studies. – 2004. – Vol.38, No.8. – P. 961–975. – DOI: 10.1080/0034340042000280965.
7. Kravchuk I., Rakovich A. Entrepreneurial potential of rural territories as an object of scientific research // Agricultural and Resource Economics: International Scientific E-Journal. – 2018. – Vol. 4, No. 2. – P. 69–84.
8. Тлеужанова Д., Белкайрова Л. Роль государства в формировании благоприятной предпринимательской среды // Экономика и статистика. – 2021. - № 1. - С.19 -25.
9. Досмамбетова Г.А. Региональные проблемы и перспективы поддержки предпринимательства в Казахстане // Наука, техника и образование. - 2024. – Т.96, №4. - С.28-33.
10. OECD. Financing SMEs and Entrepreneurs 2022: An OECD Scoreboard. – Paris: OECD Publishing, 2022. – 274 p. – DOI: 10.1787/e9073a0f-en.



11. World Bank. Small and Medium Enterprises (SMEs) Finance [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.worldbank.org/en/topic/sme/finance> (қаралған күні: 17.02.2026).
12. Аналитическая карта состояния конкуренции: экспериментальная статистика. Рабочая статья № 2024-03 [Электрондық ресурс]. – Астана, 2024. – 20 с. – URL: <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/216516/file/ru/> (қаралған күні: 29.05.2026).
13. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. 2005–2024 жылдарға ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі: кәсіпорын статистикасы. Динамикалық қатарлар [Электрондық ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/dynamic-tables/?period=year> (қаралған күні: 17.02.2026).
14. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2005-2024. Кәсіпорын статистикасы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org/dynamic-tables/> (қаралған күні: 17.02.2026).
15. Бір жылдық жас бойынша халық саны (жылдар бойынша) Демографиялық статистика. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/dynamic-tables/> (қаралған күні: 17.02.2026).
16. Влияние программ, реализуемых фондом «Даму» на развитие сектора МСБ и диверсификацию экономики (макроэкономический эффект). Обзор за 2021-2024 годы. АО ФРП Даму: 2025. – 16 с.
17. Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы (2024 жылға) 19 серия Инновация статистикасы. Статистикалық бюллетень. – Астана: Ұлттық статистика бюросы, 2025 – 22 б.
18. Шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны 2005-2024 Кәсіпорын статистикасы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org/dynamic-tables/> (қаралған күні: 17.02.2026).
19. Годовой отчет АО «Фонд развития предпринимательства Даму» за 2024 г. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://damu.kz> (қаралған күні: 17.02.2026).

References:

1. International Labour Organization. Bureau for Employers' Activities. Internal and external factors for SME success: what EBMOs should know to promote more competitive enterprises. Geneva: ILO, 2021, iv, 57 p. ISBN 9789220356050.
2. Ongbali S. A., Omotehinse S. A., Adams C. O., Salawu E. Y., Afolalu S. A. Analysis of the key factors for small and medium-sized enterprises growth using principal component analysis. *Heliyon*, 2024, 10(13), e33573. DOI: 10.1016/j.heliyon.2024.e33573.
3. Korsching P. F., Allen J. C. Locality based entrepreneurship: A strategy for community economic vitality. *Community Development Journal*, 2004, 39(4), pp. 385–400. DOI: 10.1093/cdj/bsh034.
4. Capello R. Regional Economics. 2nd ed. London: Routledge, 2016, 378 p. ISBN 9781138855885.
5. Isenberg D. J. The Entrepreneurship Ecosystem Strategy as a New Paradigm for Economic Policy: Principles for Cultivating Entrepreneurship. Babson Park, MA: Babson Entrepreneurship Ecosystem Project, Babson College, 2011.
6. Fritsch M., Mueller P. Effects of New Business Formation on Regional Development over Time. *Regional Studies*, 2004, 38(8), pp. 961–975. DOI: 10.1080/0034340042000280965.
7. Kravchuk I., Rakovich A. Entrepreneurial potential of rural territories as an object of scientific research // *Agricultural and Resource Economics: International Scientific E-Journal*, 2018, 4(2), pp. 69–84.
8. Tleuzhanova D., Belkajrova L. Rol' gosudarstva v formirovanii blagoprijatnoj predprinimatel'skoj sredy [The role of the state in creating a favorable business environment]. *Jekonomika i statistika*, 2021, 1, ss.19–25 (In Russian).
9. Dosmambetova G.A. Regional'nye problemy i perspektivy podderzhki predprinimatel'stva v Kazahstane [Regional problems and prospects for supporting entrepreneurship in Kazakhstan]. *Nauka, tekhnika i obrazovanie*, 2024, 4 (96), ss.28-33 (in Russian).
10. OECD. Financing SMEs and Entrepreneurs 2022: An OECD Scoreboard. Paris: OECD Publishing, 2022, 274 p. DOI: 10.1787/e9073a0f-en.
11. World Bank. Small and Medium Enterprises (SMEs) Finance. URL: <https://www.worldbank.org/en/topic/sme/finance> (accessed: 17.02.2026).



12. Analiticheskaya karta sostoyaniya konkurencii: eksperimental'naya statistika. Rabochaya stat'ya № 2024-03. Astana, 2024, 20 s. URL: <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/216516/file/ru/> (accessed: 29.05.2026).
13. Kazakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ylttyk statistika byurosy. 2005–2024 zhyldarға ZHIӨ-degi sharyn zhane orta kәsipkerliktiң ylesi: kәsiporyn statistikasy. Dinamikalyk katarlar. URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/dynamic-tables/?period=year> (accessed: 17.02.2026).
14. Jumys istep turǵan shaǵyn jáne orta kәsipkerlik sýbektileriniń sany 2005-2024. Kәsiporyn statistikasy. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org/dynamic-tables/> (accessed: 17.02.2026).
15. Bir jyldyq jas boıynsha halyq sany (jyldar boıynsha) Demografıalyq statistika. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/dynamic-tables/> (accessed: 17.02.2026).
16. Vlianie programm, realizuemykh fondom «Damu» na razvitie sektora MSB i diversifikatsiiu ekonomiki (makroekonomicheskii effekt). Obzor za 2021–2024 gody. AO FRP Damu: 2025, 16 s.
17. Qazaqstan Respýblikasyndaǵy kәsiporyndardyń innovatsıalyq qyzmeti týraly (2024 jylǵa) 19 serıa Innovatsıa statistikasy. Statistikalıq bıýlleten. – Astana: Ulttyq statistika bıýrosy, 2025 – 22 b.
18. Shaǵyn jáne orta kәsipkerliktegi jumyspen qamtylgandar sany 2005-2024 Kәsiporyn statistikasy. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org/dynamic-tables/> (accessed: 17.02.2026).
19. Godovoi otchet AO «Fond razvitiia predprinimatelstva Damu» za 2024 g. URL: https://damu.kz/upload/iblock/978/usc14b0azbs76dx508uubgj7iv0qrsej/_default.pdf (accessed: 17.02.2026).

METHODOLOGICAL APPROACH TO THE COMPREHENSIVE ASSESSMENT OF ENTREPRENEURSHIP DEVELOPMENT IN THE REGIONS OF KAZAKHSTAN

F.G. Alzhanova¹, F.M. Dnishev¹, D.M. Salauatova^{2*}, A.M. Shokhamanova³

¹*Institute of Economics, Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan*

²*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

³*Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan*

Summary. The article presents the results of a comprehensive assessment of entrepreneurship development in the regions of Kazakhstan. The purpose of the study is to develop a methodological approach to a comprehensive assessment of the entrepreneurial activity of SMEs in the regions of Kazakhstan, taking into account the potential and contribution of entrepreneurship to the socio-economic development of the region. The information base of the study was data from the Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan, data from the Damu Foundation. Methods of comparative, structural analysis, index methods, methods of normalization and integral assessment, methods of rating assessment are used. The study analyzed the dynamics of the number of SMEs, their contribution to GRP, output, and gross value added. A comprehensive assessment was carried out based on the development of an integrated assessment. A rating of Kazakhstan's regions on SME development has been compiled. The results of the analysis indicate a positive trend while maintaining significant interregional differentiation in terms of the level of entrepreneurial activity and the economic efficiency of SMEs. A differentiated approach to SME support is recommended, taking into account the socio-economic, natural and climatic specifics of the regions, the socio-demographic situation, the business environment, spatial and sectoral concentration, accessibility of transport and energy infrastructure and the costs associated with them.

Keywords: entrepreneurship, small and medium-sized business, regions of Kazakhstan, socio-economic potential, GRP.



МЕТОДИЧЕСКИЙ ПОДХОД К КОМПЛЕКСНОЙ ОЦЕНКЕ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА

Ф.Г. Альжанова¹, Ф.М. Днишев¹, Д.М. Салауатова^{2*}, А.М. Шохаманова³

¹Институт экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

³ Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан

Резюме. В статье представлены результаты комплексной оценки развития предпринимательства в регионах Казахстана. Цель исследования – разработать методический подход к комплексной оценке предпринимательской активности МСП в регионах Казахстана с учетом потенциала и вклада предпринимательства в социально-экономическое развитие региона. Информационной базой исследования послужили данные Бюро национальной статистики Республики Казахстан, данные Фонда «Даму». Используются методы сравнительного, структурного анализа, индексные методы, методы нормализации и интегральной оценки, методы рейтинговой оценки. В ходе исследования проанализированы динамика численности субъектов МСП, их вклад в ВРП, объем выпуска продукции, валовая добавленная стоимость. Проведена комплексная оценка на основе разработки интегральной оценки. Составлен рейтинг регионов Казахстана по развитию МСП. Результаты анализа свидетельствуют о положительной динамике при сохранении существенной межрегиональной дифференциации по уровню предпринимательской активности и экономической эффективности МСП. Рекомендован дифференцированный подход к поддержке МСП с учетом социально-экономической, природно-климатической специфики регионов, социально-демографической ситуации, предпринимательской среды, пространственной и отраслевой концентрации, доступности транспортной и энергетической инфраструктуры и связанных с ними затрат.

Ключевые слова: предпринимательство, малый и средний бизнес, регионы Казахстана, социально-экономический потенциал, ВРП.

Авторлар туралы ақпарат:

Альжанова Фарида Газизовна – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: farida.alzhanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-7451-7470.

Днишев Фархат Мусаевич - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: dfm0704@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-2196-0441.

Салауатова Динара Муслимовна*- PhD, қауымдастырылған профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: salauatova_dm@enu.kz, ORCID ID: 0000-0001-8569-3755.

Шохаманова Арайлым Муратовна – PhD студенті, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, e-mail: ashokhamanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-2437-0033.

Информация об авторах:

Альжанова Фарида Газизовна – доктор экономических наук, профессор, Институт экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан, e-mail: farida.alzhanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-7451-7470.

Днишев Фархат Мусаевич – доктор экономических наук, профессор, Институт экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан, e-mail: dfm0704@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-2196-0441.

Салауатова Динара Муслимовна* – PhD, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан, e-mail: salauatova_dm@enu.kz, ORCID ID: 0000-0001-8569-3755.



Шохаманова Арайлым Муратовна – PhD студент, Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан, e-mail: ashokhamanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-2437-0033.

Information about the authors:

Farida Gazizovna Alzhanova – Doctor of Economics, Professor, Institute of Economics Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: farida.alzhanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-7451-7470.

Farkhat Musaevich Dnishev – Doctor of Economics, Professor, Institute of Economics Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: dfm0704@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-2196-0441.

Dinara Muslimovna Salauatova* – PhD, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: salauatova_dm@enu.kz, ORCID ID: 0000-0001-8569-3755.

Arailym Muratovna Shokhamanova – PhD candidate, Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: ashokhamanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-2437-0033.

Алынды: 29.01.2026

Қарауға қабылданды: 26.02.2026

Онлайн қолжетімді: 30.06.2026